

Ер адамдар мен әйел адамдардың намаздарының арасында айырмашылықтар бар ма?

Мейрімді және Рахымды Аллаһтың атымен!

Әлемдердің Иесі Аллаһқа мадақ, пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын!

Содан соң:

Өз негізінде ер адамдар мен әйел адамдардың намаздарында ешқандай айырмашылық жоқ. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын): **«Менің намазды қалай оқығанымды коргендеріңдей, намазды солай оқыңдар!»** - деп айтқан. әл-Бухари 631, 6008.

Бұл бұйрық кез келген намазға қатысты, мейлі ол парыз немесе нәпіл болсын, сондай-ақ оның үмметінің барлық мүшелеріне де қатысты, мейлі ол еркегі не әйелі, қарты не жасы болсын.

Алдымен бір маңызды ережені ұғып алу керекпіз. Пәк Аллаһ Тағаланың дінінің негізінде Аллаһ пен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) кез келген үндеуі адамдардың барлығына түгел қатысты айтылған, егер тек нақтылайтын дәлелдер болмаса ғана. Бір адамға жасалған үндеу бүкіл үмметке жасалған үндеу болып табылады, сондай-ақ ер адамдарға айтылған нәрсе, сонымен қатар әйел адамдарға да айтылған болып есептеледі. Бұл жөнінде аһлю-Сунна ғалымдарының арасында келіспеушілік жоқ.

Аллаһ Тағала: **«Еркектен немесе әйелден кім иман келтіруші болып, ізгі амалдар істесе, міне солар Жәннәтқа кіреді. Ешбір әділетсіздікке ұшыратылмайды»**, - деп айтқан. (ән-Ниса 4: 124)

Айша анамыз: *«Бір күні Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ағып шыққан ұрығын тапқан (көрген), бірақ ұйқы кезінде ихтиләм (поллюция) болғанын есіне түсіре алмаған адам жөнінде сұрақ қойылған еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ол зұсыл құйынуы керек», - деп жауап берді. Ал шахуатын қоздырған түс көріп, бірақ (киімінен) ағып шыққан ұрықты таппаған адам туралы сұрақ қойылған кезде, ол: «Оған зұсыл құйыну парыз емес», - деп жауап берген. Сол кезде Умм Суляйм: «Ал егер әйел адам түсінде осыған ұқсас нәрсе көрсе, ол шомылуға міндетті ме?» - деп сұрағанда, ол: «Иә, ақиқатында әйелдер – ер адамдардың бауырлары!» - деп жауап берді», - деп айтқан. әт-Тирмизи 113. Имам Ибн әл-Қатан және шейх әл-Әлбани хадистің сахихтығын растаған.*

Бұл хадиске түндірме берген имам әл-Хаттаби: “Бұл хадистен түсінетініміз мынау: егер үндеу еркек текте келген болса, онда оған әйелдер де жатқызылады, тек оған нақты ерекшелік ретінде көрсетілген дәлелдері бар белгілі жерлерден басқа!» - деп айтқан. “Ма’алиму-Сунан» 1/161 қараңыз.

Имам Әбу Даудтың хадистер жинағына түсіндірме берген әйгілі автор шейх Шамсуль-Хаққ Азым Адаби да тура сондай дәйек келтіреді. «‘Аунуль-Ма’буд» 1/295 қараңыз.

Енді, осы маңызды негізді ұғып алған соң, біз ер мен әйел адамдардың намаздары кейбір жағдайларда немесе кей кездерде ерекшеленеді деп мәлімдейтіндердің бәріне: «*Осыған дәлелдеріңізді келтіріңіздер!*» - деп айтуымыз керек.

Иә, сәждеде және ташаххуд отырысында әйел ер адамдай емес екендігі жөнінде айтылған үш хадис бар. Ол хадистің біреуі мурсәл, оны Әбу Дауд «әл-Марасиль» (118) кітабында көрсеткен. Мурсәл – бұл хадисті жеткізген сахабалардың ізбасары (табиун) мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) арасында жеткізушісі түсіп қалған хадис. «Нузхату-ннәзар» 43.

Мұндай хадис дәйек ретінде қабылданбайды.

Келесі екі хадиске келер болсақ, олардың иснады толық, бірақ екеуінің де иснадтары әлсіз. Бұл хадистерді имам әл-Байхақи келтіреді. Ол: «*Бұл (ер адамдар мен әйелдердің намаздарындағы айырмашылықтар) жөнінде екі әлсіз хадис келтіріледі, оларға сүйенуге болмайды!*» - деген. «Сунан әл-кубра» 2/222 қараңыз.

Сондықтан ер адамдар мен әйел адамдардың намаздарының орындалуындағы айырмашылықтарды нұсқайтын ешқандай сенімді дәйектер жоқ. Керісінше, саләфтардан жоғарыдағы дәйекті, яғни олардың намаздарында ешқандай айырмашылықтар жоқтығын, мақұлдағаны туралы жеткізілген. Имам әл-Бухари «Ташаххудте отыру сүннеті» деген тарауында: «*Умм әд-Дарда намазда ер адамдардай отырды, ал ол фақих еді*» - деп айтқан. “Сахих әл-Бухари” 1/123 қараңыз.

Бұл хабардың негізі сенімді иснадпен ибн Әби Шайбада 2801 Умм әд-Дарданың намазда ер адамдардай отырғандығы жөнінде Макхульдың айтқаны, одан Саур, одан Уакиъ жеткізген жолмен келтіріледі.

Алайда, ғалымдардың арасында нақты қай Умм ад-Дарда жөнінде сөз қозғалып жатқандығы жайлы талас бар екенін ескертіп кету керек: яғни сахаба әйел ме, әлде табиин ба, өйткені Әбу әд-Дардада екі әйел болған, екеуін де Умм әд-Дарда деп атаған. Мысалы, ханафи мазхабының имамы Бадруддин әл-Айни «Сахих әл-

Бухари»-ға берген түсіндірмесінде, осы жағдайға байланысты, кіші Умм әд-Дарда жөнінде сөз болып жатқандығын, себебі Макхуль үлкенін көріп үлгермегендігін жазған. Содан кейін ол ибн Магдах пен Әбу Нуайм оны үлкені деп атағандығы жөніндегі ибн әл-Асирдің сөзін жеткізеді де, алайда олармен келіспейді. Содан соң: «Имам әл-Бухаридың Умм әд-Дарданы бірмағыналы түрде ешбір нақтыламай еске алуын, сөз үлкені не кішісі жөнінде қозғалып турғандығын нұсқайды. Алайда ол үлкенін меңзеген болу ықтималдығы күштірек, себебі ол: «*Ол фақиһ еді*» деп айтқан», - дейді. «Умдатуль-қари» 6/101 қараңыз.

Сондай-ақ хафиз Ибн Хажар да, кіші Умм әд-Дарда жөнінде сөз қозғалып отыр деген пікірге қосылғанына қарамастан, имам әл-Бухаридың осы тарауы жөнінде имам ибн әл-Мунийраның: «*Бұл нәрседі (ташаххуда) ерлер мен әйелдер арасында айырмашылық жоқ*» - деп айтқанын келтіреді. «Фатх әл-Бари» 1/356 қараңыз.

Сонымен қатар, Ибраһим ән-Нахаи де: «*Әйел адам намазын ер адамдардай оқиды*», - деп айтқан. Ибн Әби Шайба 2/75. Иснады сенімді.

Бұл мәлімдеме осы қалыпта «әз-Захирия» баспасында шыққан ибн Әби Шайбаның «Мухтасар әл-Мусаннаф» еңбегінде келтіріледі. Ал толық жинаққа келер болсақ, онда Ибраһим ән-Нахаидің бұл сөздері былай келтіріледі: «*Әйел адам намазда ер адамдардай отырады*». Ибн Әби Шайба 2804.

Әйел адамның намазы ер адамның намазынан ерекшеленбейтіндігі жөнінде көп имамдардан келтіріледі. Мысалы, имам әл-Қуртуби, әйелдің ташаххуды жөнінде имамдардың әр түрлі пікірлерін келтіріп, былай деп айтқан: «Имам Малик: «*Әйел (намаз оқығанда) ер адам сияқты, және онда такбир ихрамнан кейін ешқандай қарама-қайшылық жоқ, тек (әуретін жабатын) киімі мен іштей оқуынан басқа!*» - деген». «Тафсир әл-Қуртуби» 1/361 қараңыз.

Және де, әйел адамның намазы ер адамның намазынан айырмашылығы жоқ деген бұл пікірді шейх әл-Әлбани мен шейх ибн Усаймин де таңдап алған. «Сыфату-ссаля» 189, «Шарх әл-Мумти'» 3/304 қараңыз.

Әйел адам мен ер адамдардың намаздарына байланысты кейбір өзгешеліктер туралы.

Имамдар әйел адам мен ер адамдардың намазындағы кейбір Сүннет нұсқайтын ерекшеліктер туралы ескертеді, атап айтқанда:

1. Әуретті жабу. Осы нәрседі олар ерекшеленеді, себебі ер адамға қарағанда, әйелге бүкіл денесін, яғни екі қолы (алақаны) мен бетінен басқасын жабу міндет етілген.
2. Ер адамның артында тұрып намаз оқыған әйел, имамның қателігін қол шапалақ арқылы білдірсе, ал ер адам «Субхана-Ллаһ» деп айтумен ескертеді.
3. Егер әйел намазды бір ер адаммен оқыса, мысалы ағасы не күйеуі не т.с.с., әйел адам ер кісінің арт жағында тұрады, екеуі қатар тұрып оқитын ер адамдардан ерекше.
4. Егер әйел адамдар жамағат болып оқыса, ер адамдардың жамағатынан айырмашылығы: Айша анамыз оқығанындай, әйел-имам олардың арасында бірінші қатарда (бөлінбей) тұрады.
5. Ер адамдардан өзгешелігі: әйел адамдар үшін жамағатпен оқитын намаздағы ең абзал қатар – соңғы сап (ер адамдардан алыстау), ал ер адамдар үшін ең абзал қатар бірінші сап болып табылады.
6. Әйел адам ер адамдарға азан айтып, иқамат түсірмейді, бірақ өздері болған ортада бұларды айтуларына болады. Бұл Айша анамыздан жеткен.
7. Бөгде ер адамдар болған жерде (кезде), әйел адам дауыстап намаз оқымайды.
8. Және оларға, ер адамдардан ерекше, жамағат болып намаз оқу міндет емес. «әл-Муғни» 1/488, 2/258, 328, «әл-Маджму» 3/429, 455 қараңыз.

Намаздың орындалуындағы айырмашылықтарға келер болсақ, онда ешқандай айырмашылықтар жоқ: тұрғанында да, қолын көтергенінде де, қолдарын кеудесіне қойғанында да, иілгенде де, сәждеге берғанда да, ташаххудта да. Бірақ кейбір ғалымдар әйелдердің қолдарын денесіне қысып ұстағандары жақсырақ деп есептегендерімен, бұлай ажыратуға негіз болар бірде-бір сенімді мағлұмат жоқ, және де имам ибн Хазм бұл шартты: «*Бұған ешқандай дәлел жоқ!*» - деп, теріске шығарды, «әл-Мухалля» 4/124, және «Сахих фиқху-Сунна» 1/345-346 қараңыз.

Ал кім бұған керісінше нәрсені айтса, дәлелдер келтіруі қажет!

Және соңында әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақ!

[«Саляф – Форум»](#)